

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 маусымдағы N 576 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық
актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық
сот ісін жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар мен
өзгерістер енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат, 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 2-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат):

340-бап "Судьяға" деген сөзден кейін ", алқабиге," деген сөзбен толықтырылсын;

341-баптың бірінші бөлігіндегі "сол сияқты оның" деген сөздер "алқабиге, сол сияқты олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

342-баптың екінші бөлігі "Судьяны" деген сөзден кейін "немесе алқабиді" деген сөздермен толықтырылсын;

343-баптың тақырыбы және бірінші бөлігі "Судьяға", "судьяға" деген сөздерден кейін тиісінше ", алқабиге", "немесе алқабиге" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139-құжат):

7-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақпен толықтырылсын:

"7-1) алқаби - соттың қылмыстық істі қарауға қатысуға осы Кодексте белгіленген тәртіппен шақырған Қазақстан Республикасының азаматы;"

25-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Алқаби дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл орайда ар-ожданды басшылыққа алады."

53-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Егер алқабилердің қатысуымен сот қарайтын қылмыстық істің материалдары мемлекеттік құпияны қамтитын мәліметтерді құрайтын болса, облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган төрағалық етушінің жазбаша өкімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алқабилердің мемлекеттік құпияларға қол жетімділігін ресімдейді."

58-баптың екінші бөлігі "судья" деген сөзден кейін ", ал айыпталушының өтініші болған кезде - екі судья және тоғыз алқаби құрамында" деген сөздермен толықтырылсын;

73-баптың екінші бөлігі "4)," деген саннан кейін "5) (жазалау шарасы ретінде өлім жазасы тағайындалуы мүмкін қылмыстарды жасаған адамды айыптау кезінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

82-баптың екінші бөлігінің 1) тармағында:

"судья" деген сөзден кейін ", алқаби" деген сөзбен толықтырылсын;

90-баптың алтыншы бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарсылық білдіру сот тергеуі басталғанға дейін, ал алқабилердің қатысуымен істі қараған жағдайда - алқабилер алқасын қалыптастырғанға дейін мәлімделуге тиіс."

98-баптың атауы және бірінші бөлігі "судьялардың", "судья," деген сөздерден кейін тиісінше "алқабилердің", "алқаби," деген сөздермен толықтырылсын;

291-баптың екінші бөлігі "156" деген саннан кейін "(екінші бөлігі)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-бөліммен және 57-62-тараулармен толықтырылсын:

"13-бөлім. Алқабилердің қатысуымен іс жүргізу

57-тарау. Жалпы ережелер

542-бап. Алқабилердің қатысуымен сотта қаралатын істер бойынша іс жүргізу тәртібі

Алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер бойынша іс жүргізу осы бөлімде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

543-бап. Алқабилердің қатысуымен облыстық және оған теңестірілген соттың қарауына жататын істер

Сот алқабилердің қатысуымен есі кіресілі-шығасылы күйінде осы Кодекстің 291-бабының екінші бөлігінде көзделген әрекетті жасаған не оларды жасағаннан кейін жүйке ауруымен ауырған адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қоспағанда, осы Кодекстің 291-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қылмыстар туралы істерді қарайды.

Егер адам Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бірнеше баптарында көзделген қылмыстар жасаған деп айыпталса, айыпталушы, егер осы қылмыстардың жиынтығына осы Кодекстің 291-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қылмыстың ең болмағанда біреуі кірсе, оның ісін алқабилер қатысқан соттың қарауына құқығы бар.

Егер іс бойынша бірнеше адам айыпталса, егер олардың тек біреуі ғана болса да қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш білдірсе, алқабилердің қатысуымен барлық сотталушыларға қатысты сотта оны қарау осы бөлімде көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.

544-бап. Алқабилердің қатысуымен сот құрамы

Облыстық және оған теңестірілген сотта алқабилердің қатысуымен сот екі судьяның және тоғыз алқабидің құрамында әрекет етеді.

545-бап. Алқабиге ықпал етуге жол бермеу

Мемлекеттік айыптаушыға, жәбірленушіге, сотталушыға және оның қорғаушысына, сондай-ақ процестің басқа да қатысушыларына алқабилердің қатысуымен сот талқылауының барлық уақытында осы істі қарауға қатысушы алқабилерімен белгіленген тәртіптен басқа, араласуға тыйым салынады.

546-бап. Сотта істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш

Осы бөлімде көзделген ережелерге сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыру тек айыпталушының оның ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініші бойынша ғана жүргізіледі.

Тергеуші алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін айыпталушыны істің барлық материалдарымен таныстыру кезінде оған соттың оның ісін алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш беру құқығын, сондай-ақ алқабилердің қатысуымен соттың үкіміне шағымдану және шағымды қарау ерекшеліктерін қоса, осындай өтінішті қанағаттандырудың заңдық салдарын түсіндіруге міндетті.

Айыпталушы көрсетілген өтінішті оған тек алдын ала тергеу аяқталғаны туралы

хабарлаған және істің барлық материалдарын таныстыру үшін ұсынған кезде ғана
б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Тергеуші айыпталушының оның ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішін не оның ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарау құқығын пайдаланудан бас тартуы туралы өтінішін айыпталушыға тергеу әрекеттері мен құқық түсіндірудің аяқталғандығы туралы хабарлау туралы хаттамаға түсіруге міндетті.

Бұдан әрі айыпталушының оның ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініші қабылданбайды.

Айыпталушы алдын ала тыңдау жүргізгенге дейін және алдын ала тыңдау барысында берген мәлімделген алқабилердің қатысуымен оның ісін қарау туралы өтінішінен бас тартуға құқылы. Айыпталушының алдын ала тыңдау барысында оны растағаннан кейін, оның ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініштен бас тартуы қабылданбайды.

58-тарау. Сот отырысын тағайындаудың ерекшелігі

547-бап. Істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш болған кезде сот отырысын тағайындау

Айыпталушының істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініші болған кезде басты сот талқылауы алдын ала тыңдау жүргізу арқылы тағайындалады.

548-бап. Алдын ала тыңдау жүргізудің ерекшелігі

Судья алдын ала тыңдауды міндетті түрде прокурордың, істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш білдірген сотталушының және оның қорғаушысының қатысуымен жабық отырыста жеке дара жүргізеді.

Егер іс бойынша сотталушылардың ең болмағанда біреуінің істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініші болса, алдын ала тыңдау іс бойынша барлық сотталушылардың және олардың қорғаушыларының қатысуымен жүргізіледі.

Судья сот отырысы басталарда қай іс қарауға жататынын жариялайды, отырысқа келген адамдарға өзін таныстырады, кімнің мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, хатшы екенін хабарлайды, сотталушының жеке басын анықтайды, мәлімделген қарсылықтарды шешеді. Мемлекеттік айыптаушы айыптау қорытындысының қарар бөлігін жария етеді. Судья сотталушыға айыптаудың түсінікті болған болмағанын анықтайды, қажет болған жағдайларда оған айыптаудың мәнін түсіндіреді, және оның ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өзінің өтінішін растайтындығын с ұ р а й д ы .

Егер айыпталушы оның ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өзінің өтінішін растаса, онда судья осы өтінішті қанағаттандырғаны туралы хабарлайды және мемлекеттік айыптаушының, жәбірленушінің, сотталушының және оның қорғаушысының мәлімдеген өтініштерін қарауға көшеді.

Қажет болған жағдайда, алдын ала тыңдауда дәлелдемелер ретінде оларға жол беруді тексеру үшін іс материалдары жариялануы мүмкін.

Егер сотталушы оның ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өзінің өтінішін растамаса, ҚІЖК-нің 301-бабының бірінші бөлігінде көзделген басқа да негіздер болмаған кезде судья алдын ала тыңдауды аяқталды деп жариялайды және бұдан әрі іс бойынша іс жүргізу осы Кодекстің 40-тарауында көзделген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

Судьяның істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы қаулысы түпкілікті болып табылады. Қаулы бұдан әрі сотталушының істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау себептері бойынша бас тартуы қайта қаралуға тиіс емес.

549-бап. Алқабилердің қатысуымен сот отырысын тағайындау кезінде алдын ала тыңдау тәртібімен шығарылатын шешімдердің ерекшеліктері

Судья алдын ала тыңдау қорытындысы бойынша осы Кодекстің 302-307-баптарында көзделген шешімдердің біреуін қабылдайды.

Судья сот отырысын тағайындау туралы қаулыда іс соттың алқабилердің қатысуымен қаралатындығы туралы көрсетеді, және саны кем дегенде жиырма бес болатын осы сот отырысына шақырылуға тиіс алқабилерге кандидаттардың санын анықтайды.

Судья алдын ала тыңдау қорытындысы бойынша осы Кодекстің 116-бабына сәйкес іс материалдарынан дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректерді алып тастайды.

550-бап. Сот талқылауына қатысу үшін алқабилерге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдаудың тәртібі

Істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауды тағайындау туралы қаулы шығарылғаннан кейін, судья сот отырысының хатшысына алқабилерге іріктеу үшін осы сот отырысына саны қаулыда көрсетілген алқабилерге кандидаттардың келуін қамтамасыз ету туралы өкім етеді.

Басты сот талқылауы тағайындалғаннан кейін төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысының хатшысы соттағы бар бірыңғай және қосалқы (жылдық) тізімінен алқабилерге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдауды жүргізеді.

Әр адам алқаби ретінде сот отырысына бір реттен артық қатыса алмайды.

Қылмыстық істі қарауға қатысу үшін алқабилерге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдау аяқталғаннан кейін, олардың тегі, есімі, әкесінің есімі және мекен-жайы көрсетілген сот отырысының хатшысы қол қоятын алдын ала тізім жасалады.

Алдын ала тізімге енгізілген алқабилерге кандидаттарға сот талқылауы басталғанға дейін 7 тәуліктен кешіктірілмей сотқа келу күні мен уақыты көрсетілген түбіртек-хат

тапсырылады.

Хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті.

59-тарау. Сот талқылауына қатысу үшін алқабилерге кандидаттарды іріктеу

551-бап. Жалпы ережелер

1. Кандидаттар санынан алқабилерін іріктеу осы Кодекстің 331-344-баптарындағы талаптар орындалғаннан кейін:

- 1) төрағалық етушінің істі қарауға қатысудан алқабилерге кандидаттарды босату;
- 2) өздігінен бас тартуы туралы мәселелерді шешу;
- 3) бас тарту туралы мәселелерді шешу;
- 4) алқабилерге кандидаттардың дәлелсіз бас тартуы арқылы жүзеге асырылады.

2. Сот отырысының хатшысы сотта төрағалық етушіге алқабилерге кандидаттардың сот отырысына келгені туралы баяндайды және тегін көрсете отырып, алқабилерге кандидаттың әрқайысына билет жазып береді.

Іс бойынша төрағалық етуші алқабилерге кандидаттарының алдында:

- 1) өзін таныстырып;
- 2) тараптарды таныстырып;
- 3) қандай іс қаралуға жататынын хабарлап;
- 4) осы істі қарауда алқабилердің міндеттері мен олардың заңға сәйкес қатысу тәртібі туралы хабарлап, қысқаша сөз сөйлейді.

3. Төрағалық етуші істі қарауға қатысудан алқабилерге кандидаттарды босату туралы мәселені объективті шешу мақсатында алқабилерге іріктеу кезінде кандидаттарға жазбаша нысанда прокурор, жәбірленуші, айыпталушы және оның қорғаушысы ұсынған сұрақтарды, сондай-ақ өзінің бастамашылығы бойынша алқабилер алқасын құру үшін маңызы бар басқа да сұрақтарды қоюы мүмкін.

Алқабилерге кандидат істі қарауға қатысу үшін іріктеу кезінде төрағалық етуші қойған сұрақтарға дұрыс жауап беруі, сондай-ақ оның талабы бойынша өзі туралы және іске қатысушы басқа адамдармен қатынастары туралы қажетті өзге де ақпараттарды ұсынуды тиіс.

Төрағалық етуші абырой мен қадір-қасиетті кемсітетін сұрақтар қоймайды.

4. Істі қарауға қатысудан алқабилерге кандидаттарды босатуға, сондай-ақ алқабилерге кандидаттар мәлімдеген өздігінен бас тарту және қарсылықтар білдіруге байланысты барлық мәселелерді төрағалық етуші судья кеңесу бөлмесіне кетпей-ақ жеке дара шешеді.

5. Егер сотқа алқабилерге шақырылған жиырма бес кандидаттан аз келсе, не сот талқылауына қатысудан олардың кейбіреулерін босатқаннан кейін немесе төрағалық етуші судья өздігінен бас тартқан және қарсылықтарды қанағаттандырғаннан кейін олар он алтыдан аз қалса, төрағалық етуші сот отырысының хатшысына жетпейтін

санын қосалқы тізімнен алқабилерге кандидаттар құрамын толықтыру туралы өкім береді. Бұл жағдайда, алқабилерге артық кандидаттарды шақырту үшін сот отырысында үзіліс жарияланады.

552-бап. Төрағалық етушінің істі қарауға қатысудан алқабилерге кандидаттарды босатуы

1. Төрағалық етуші алқабилерге кандидаттарға осы Кодексте белгіленген олардың міндеттерін түсіндіреді, одан кейін алқабилерге кандидаттардан алқабилер ретінде істі қарауға қатысуда оларға кедергі келтіретін мән-жайлардың бар-жоғы туралы сұрайды.

2. Төрағалық етуші алқабилері міндеттерін орындаудан:

1) қылмыс жасаған сезіктілер немесе айыпталушыларды;
2) сотта ілеспе аударма қамтамасыз етілмеген кезде, сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамды;

3) сот отырысына мылқау, саңырау, соқыр және басқа да мүгедектер болып табылатын адамдарды олардың толыққанды қатысуын қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру немесе техникалық мүмкіншіліктері болмаған кезде босатады.

3. Төрағалық етуші судья олардың ауызша немесе жазбаша өтініші бойынша алқабилері міндеттерін орындаудан:

1) 65 жастан асқан адамдарды;
2) үш жасқа толмаған балалары бар әйелдерді;
3) сот төрелігін жүзеге асыруда өзі үшін қатысу мүмкіндігінің жоқтығын өздерінің діни сенім күштілігінен деп санаған адамдарды;
4) қызметтік міндеттерін орындаудан босатылуы қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге (дәрігерлер, мұғалімдер, әуежолдарының пилоттары және басқалар) елеулі шығын келтіруі мүмкін адамдарды;
5) сот отырысына қатыспау үшін дәлелді себептері бар өзге де адамдарды босатады.

4. Төрағалық етуші алқабилерге кандидаттардан сотта қаралатын істің мән-жайлары туралы олардың хабардарлығын анықтайды.

5. Төрағалық етуші судья осы адамға заңсыз ықпал көрсету салдарынан, онда ағат пікірдің болуынан, іс жүргізілмейтін көздерден істің мән-жайын білуінен объективтілігіне негізделген күмән тудыратын, сондай-ақ алқаби ретінде істі қарауға оның қатысуы кезінде алқабиге кандидаттың объективті болмау мүмкіндігін көрсететін басқа да себептер бойынша кез келген алқабиге кандидаттың іс бойынша алқабидің міндеттерін орындаудан босатады.

553-бап. Алқабилерге кандидаттардың өзіне қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу

Төрағалық етуші істі қарауға қатысудан алқабилерге кандидаттардың қайсы бірін босату үшін заңда көзделген себептердің бар-жоғы туралы сұрайды.

Келген алқабилерге кандидаттардың әрқайсысы оның алқаби міндеттерін

орындауға кедергі келтіретін дәлелді себептерді көрсетуге, сондай-ақ өзіне қарсылық білдіруді мәлімдеуге құқылы.

554-бап. Алқабилерге кандидаттарға қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу

Алқабилерге кандидаттардың әрқайсысына егер:

1) алқабилерге кандидат осы іс бойынша жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер болып табылса, шақырылса не куә ретінде шақырылуы мүмкін
б о л с а ;

2) алқабилерге кандидат осы қылмыстық іс бойынша сарапшы, маман, аудармашы, куәгер, сот отырысының хатшысы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, қорғаушы, айыпталушының заңды өкілі, жәбірленушінің өкілі, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер ретінде іс жүргізуге қатысса;

3) алқабилерге кандидат жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, айыпталушының немесе оның заңды өкілінің, прокурордың, қорғаушының, тергеушінің немесе анықтаушының туысы немесе жекжаттары (ағалары, апалары, ата-аналары немесе ерлі-зайыптылардың баласы)
б о л ы п т а б ы л с а ;

4) егер алқабилерге кандидат осы іске жеке, тікелей немесе жанама мүдделі деп санауға негіз беретін өзге де мән-жайлар болса прокурор, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сотталушы және оның қорғаушысы қарсылық білдіруді мәлімдеуге тиіс.

555-бап. Алқабилерге кандидаттарға дәлелсіз қарсылық білдіру

1. Егер осы Кодекстің 554-бабының талаптарын орындау нәтижесінде сот отырысына қатысу үшін алқабилерге кандидаттардың он алтыдан астамы қалса, төрағалық етуші алқабилерге кандидаттардың қалған санын жариялайды, бұдан кейін жәшікке олардың тегі көрсетілген билеттерді салады, билеттерді араластырады және олардан жәшікте он алты қалғанға дейін қанша қажет болса сонша билеттерді одан
а л а д ы .

Осы баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы талаптарды орындағаннан кейін, төрағалық етуші нәтижесінде алқабилерге он бір кандидат қалуға тиіс мемлекеттік айыптаушы, сондай-ақ сотталушы және/немесе оның қорғаушысы дәлелсіз қарсылық білдіруді жүргізу үшін алқабилерге кандидаттардың тегі көрсетілген он алты билетті
т а п с ы р а д ы .

Мемлекеттік айыптаушы, сотталушы және оның қорғаушысы төрағалық етуші арқылы алқабилерге кандидаттардың кейбіреуінің өзін таныстыруды сұрауға құқылы.

2. Дәлелсіз қарсылық білдіруді, егер іске бір сотталушы қатысса, екі алқаби кандидатына мемлекеттік айыптаушы, содан кейін көрсетілген кезекте сотталушы және /немесе оның қорғаушысы үш алқабилерге кандидатқа жүргізеді.

3. Егер іске бірнеше сотталушылар қатысса, мемлекеттік айыптаушы кемінде екі

алқабилерге кандидатқа ғана дәлелсіз қарсылық білдіруге құқылы. Бұл орайда, алқабилерге кандидаттарына қарсылық білдіру сотталушылардың өзара келісімі бойынша, ал, осындай келісім болмаған жағдайда - егер бұл мүмкін болса, қарсылық білдірілетін алқабилерге кандидаттардың санын олардың арасында тең бөлу арқылы жүргізіледі.

Осы баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацындағы талаптарды орындау мүмкін болмаған жағдайда, бірнеше сотталушылардың алқабилерге кандидаттарға қарсылық білдірулері барлық сотталушылардың тегі көрсетілген билеттерді жәшікке салып жеребе тастау арқылы жүргізілуге тиіс. Жеребе тастау алқабилерге кандидаттарға қарсылық білдірілмегендердің санына тең жүргізіледі. Төрағалық етуші жәшіктен оның тегі көрсетілген билетті қанша мәрте алса, сотталушы сонша мәрте алқабилерге кандидаттарына қарсылық білдіруге құқылы.

4. Алқабилерге кандидаттарына қарсылық білдіру құқығынан сотталушылардың кейбірінің бас тартуы басқа сотталушылардың олардың кемінде он бірі қалғанға дейін алқабилерге кандидаттарға қарсылық білдіруіне қандай да бір шек қоюға әкеп соқтырмайды.

5. Мемлекеттік айыптаушы, сотталушылар немесе олардың қорғаушылары алқабилерге кандидаттарының тегі көрсетілген билеттерге дәлелдерін көрсетпей-ақ, қолдары қойылған "қарсылық білдіру" деген жазу арқылы алқабилерге кандидаттарына қарсылық білдірілуі мүмкін.

Сотталушы өзінің қорғаушысына алқабилерге кандидаттарына қарсылық білдіру құқығын жүзеге асыруды тапсыруға құқылы. Егер сотталушы өзінің алқабилерге кандидаттарына қарсылық білдіру құқығынан бас тартса, онда қорғаушы оның келісімінсіз алқабилерге кандидаттарына қарсылық білдіруге жеке қатысуға құқығы жоқ.

6. Сотталушының немесе егер іске бірнеше сотталушылар қатысса, барлық сотталушылар өзінің алқабилерге кандидаттарына қарсылық білдіру құқығынан бас тартқан жағдайда, төрағалық етуші не сот отырысының хатшысы барысында оларға қанша қарсылық білдірілуі мүмкін сонша қарсылық білдірілмеген алқабилерге кандидаттарының тегі көрсетілген билеттерді жәшіктен алып тастап жеребе тастау арқылы жүргізеді.

7. Тараптардың дәлелсіз қарсылық білдірілген алқабилерге кандидаттарының тегі көрсетілген билеттер істің материалына тігіледі.

556-бап. Жеребе тастау арқылы алқабилердің алқасын құру

Сотта істі қараушы алқабилердің алқасы негізгі құрамы (алқабилер алқасының құрамын құрайтын) тоғыз және екі артық алқаби құрамда жеребе тастау арқылы құрылады.

Алқабилер алқасын құру үшін төрағалық етуші қарсылық білдірілмеген алқабилерге кандидаттарының тегі көрсетілген билеттерді жәшікке салады, оларды

араластырады және бір біреуден он бір билетті алады, әр алынған сайын алқабилерге кандидаттарының тегі көрсетілген билеттерді жариялайды. Егер жәшіктен алынған және қалған билеттер қарсылық білдірілмеген алқабилерге кандидаттарының жалпы санын құраса, сондай-ақ егер алқабилер алқасын құрудың дұрыстығына әсер ететін қандай да бір бұзушылыққа жол берілмесе, онда алқабилер алқасы құрылды деп танылады. Бұл ретте, жеребе тастау арқылы іріктелген алғашқы тоғыз алқаби негізгі құрам, ал соңғы екеуі - артық алқаби деп есептеледі.

Қарсылық білдіру туралы мәселені шешу кезінде немесе алқабилер алқасын құру кезінде оның құрылуының дұрыстығына қандай да бұзушылық әсер еткен, сондай-ақ бір немесе одан да көп алқабилердің мемлекеттік құпияларға қол жетімділігінен бас тартылған жағдайда, төрағалық етуші алқабилер алқасын құруды жарамсыз немесе өткен жоқ деп жариялайды және алқабилерге кандидаттарды толықтай көлемде іріктеуді жүргізеді.

Өздігінен бас тарту туралы мәселені шешу кезінде немесе алқабилер алқасын құру кезінде оның құрылу дұрыстығына ықпал ететін қандай да бір бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, төрағалық етуші алқабилер алқасының құрылуын жарамсыз деп жариялайды және алқабилерге кандидаттарды қайтадан толық көлемде не ішінара іріктеуді жүргізеді.

557-бап. Сот талқылауына алқабилердің қатысуының жалпы шарттары

Алқабилердің алқасын құру аяқталғаннан кейін төрағалық етушілер алқабилердің негізгі құрамына жеребемен анықталған тәртіпке сәйкес оларға бөлінген алқабилері орындығынан орын алуды ұсынады. Алқабилердің орындығы сот отырысы залында қатысып отырғандардан бөлек болуы және ереже бойынша сотталушыларға қарама қарсы орындықта орналасуы тиіс. Екі қосалқы алқаби олар үшін арнайы бөлінген алқаби орындығына орналасады.

Алқабилер және қосалқы алқабилер осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, сот отырысының залында сот талқылауы кезінде үнемі болулары тиіс.

Егер сот талқылауы барысында, бірақ алқабилер мен судьялар үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін алқабилердің біреуінің сот отырысына қатыса алмайтындығы немесе төрағалық етуші оны сот отырысына қатысудан шеттеткені айқындалса, онда ол жәшіктен алынған қосалқы алқабилердің тегі көрсетілген билет тәртібімен қосалқы алқабимен ауыстырылады. Егер жиынтық алқабилерден шыққандарды қосалқымен ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, төрағалық етуші жүріп жатқан сот талқылауын жарамсыз деп жариялайды және сот талқылауының осы Кодекстің 550-бабына сәйкес алқабилерге кандидаттарды алдын ала таңдау кезеңіне қайта оралады.

Егер алқабилердің біреуінің сот отырысына қатыса алмайтындығы кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін айқындалса, онда судьялар мен алқабилер сот отырысы

залына шығып, алқабидің ауысымын жүргізіп, кеңесу бөлмесіне қайта кетуі тиіс.

Кез келген алқаби істі қараудың кез келген кезеңінде төрағалық етуші оған ықпал етудің нәтижесінде заңға сәйкес істі шешу үшін қажетті жан-жақтылықты судья осы алқаби жоғалтты деп болжауға негіз туған жағдайда, іске одан әрі қатысудан
б о с а т ы л у ы м ү м к і н .

Алқабиді шеттетуді тараптардың қатысуымен төрағалық етуші жүзеге асырады, бұл туралы сот отырысының хаттамасында жазба жасалады.

558-бап. Алқабилердің ант қабылдауы

Алқабилер алқасы құралғаннан кейін төрағалық етуші немесе сот отырысының хатшысы сот отырысының залында қатысып отырғандардың барлығына орындарынан тұруды ұсынады. Төрағалық етуші алқабилерге ант қабылдау ұсынысымен жүгінеді.

Алқабилермен қабылданған ант туралы сот отырысының хаттамасына жазба жасалады.

60-тарау. Алқабилердің қатысуымен істі соттың талқылау ерекшеліктері

559-бап. Алқабилердің құқықтары, міндеттері және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріне шектеулер

1. Төрағалық етуші алқабилеріне олардың құқықтарын, міндеттерін және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріне шектеулерді түсіндіреді, сондай-ақ міндеттерді бұзу және шектеулерді сақтамаудың салдары туралы ескертеді.

2 . А л қ а б и :

1) өзінің ішкі сенімі бойынша істің мән-жайын жеке бағалауға мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдерді зерделеуге және алқабилері алқасының алдына қойылатын мәселелерге жауап беруге қатысуға;

2) төрағалық етушінің рұқсатымен процеске қатысушыларға сұрақ қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды қарауға, жерлерді және үй-жайларды қарауды жүргізуге, сот тергеуінде басқа да барлық әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіден іске қатысты заңдар нормаларын, сотта жария етілген құжаттардың мазмұнын және оған түсінікті емес басқа да мәселелер мен ұғымдарды түсіндіруді өтінуге ;

5) сот отырысы кезінде жазбаша белгілер жасауға құқылы.

3 . А л қ а б и :

1) сот отырысында тәртіпті сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкіміне бағынуға ;

2) егер сот отырысына үзіліс жарияланса немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда алқаби міндетін атқару үшін, сондай-ақ сот талқылауын жалғастыру үшін сот белгілеген уақытта келуге міндетті;

3) сотқа келуге мүмкіншілік болмаған жағдайда, төрағалық етушіге алдын ала келмеудің себептері туралы ескертуі тиіс.

4. Алқабидің мынадай әрекеттері:

- 1) істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кету;
- 2) төрағалық етушінің рұқсатынсыз істі тыңдау кезінде іс бойынша сот құрамына кірмейтін адамдармен сөйлесу;
- 3) істі талқылау барысында сот отырысынан тыс іс бойынша мәліметтер жинау;
- 4) үкім шығару кезінде кеңесу уақытында оған, сондай-ақ оның қатысуымен жабық сот отырысында белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария ету шектеледі.

5. Алқабидің міндеттерін орындамауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауапкершілікке, сондай-ақ істі қарауда одан әрі қатысудан босату мүмкіндігіне әкеп соғады.

560-бап. Алқабилер қатысатын соттың құзыреті

Алқабилердің қатысуымен соттың істі талқылау кезінде осы Кодекстің 371-бабы бірінші бөлігінің 1-8, 14-тармақтарында көзделген мәселелер шешіледі.

Егер сот талқылауы барысында дәлелдемелер ретінде осы Кодекстің 116-бабына сәйкес жол берілмейтін нақтылы деректер табылатын болса, төрағалық етуші оларды бұлардың қатарынан алып тастау туралы мәселені шешуге, ал, егер мұндай дәлелдемелер зерттелген жағдайда олардың заңды күші жоқ деп тануға, ал оларға жасалған зерттеулерді жарамсыз деп тануға міндетті.

Тараптар төрағалық етушінің рұқсатынсыз сотта алқабилердің қатысуымен істің талқылауынан алынып тасталған бар дәлелдемелер туралы еске салуға, өздерінің ұстанымдарын негізге алу үшін оларға сілтеме жасауға құқықтары жоқ. Судьялар алқабилерді жол берілмейтін дәлелдемелермен таныстыруға тиіс емес.

561-бап. Алқабилер қатысатын соттың істі қысқартуы

Төрағалық етуші істі соттың алқабилердің қатысуымен оны талқылаудың кез келген кезеңінде, егер сот талқылауында осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар анықталса, сондай-ақ мемлекеттік айыптаушының осы Кодекстің 317-бабының жетінші бөлігіне сәйкес айыптаудан бас тартқан кезде қысқартады.

562-бап. Алқабилер қатысатын сот тергеуінің ерекшеліктері

Соттың алқабилер қатысатын сот тергеуі осы Кодекстің 345-359, 362-баптарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Мемлекеттік айыптаушы айыптау қорытындысының қарар бөлігін жариялаған кезде, сотталушының соттылық деректері туралы еске салуға құқығы жоқ.

Алқабилер төрағалық етуші арқылы тараптарға осы адамдар жауап бергеннен кейін сотталушыға, жәбірленушіге, куәларға және сарапшыларға сұрақтар қоя алады. Мәселелерді алқабилер жазбаша түрде жасап, төрағалық етушіге береді.

Төрағалық етуші іске қатысы жоқ, сондай-ақ жетектеуші немесе дөрекі сипатта деп есептеген сұрақтарды қабылдамай тастайды.

Тараптар алқабилердің қатысуынсыз судьялармен бұрын іс талқылауынан алынып

тасталған бұл орайда, олардың мәнін баяндамай-ақ дәлелдемелерді зерттеу туралы өтініш беруі мүмкін. Осындай өтінішке байланысты сот талқылауына қатысушылардың пікірін тыңдауды судьялар жүргізеді.

Сотталушының бұрынғы соттылығына байланысты, оны созылмалы маскүнем немесе нашақор деп тану туралы мән-жайлар, сондай-ақ алқабилердің сотталушыға қатысты артықшылық көзқарас білдіруге әсер ететін мән-жайлар зерттеулерге жатпайды.

563-бап. Алқабилер қатысқан соттағы тараптардың жарыссөзі

Сот тергеуі аяқталғаннан кейін алқабилер қатысатын сот тараптардың жарыссөздерін тыңдауға көшеді. Алқабилер қатысатын сотта тараптардың жарыссөзі екі бөлімнен тұрады.

Жарыссөздің бірінші бөлігі оның бұрынғы соттылығын еске салмай, сотталушының кінәсінің дәлелденуі немесе дәлелденбеуі жөнінде өз ұстанымдарын баяндайтын, мемлекеттік айыпталушының, жәбірленушінің, қорғаушының және сотталушының сөздерінен тұрады.

Тараптар алқабилер қатысуымен қарауға жатпайтын мән-жайларды еске түсіре алмайды және сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасай алмайды. Төрағалық етуші осындай айтылған сөздерді бөледі және алқабилеріне үкім шығару кезінде осы мән-жайларды есепке алмауды түсіндіреді.

Жарыссөздің екінші бөлігі сотталушының іс-әрекетін саралау, жаза тағайындау, азаматтық талап мәселелері бойынша ұстанымдарын баяндайтын мемлекеттік айыптаушының, сондай-ақ жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, қорғаушының және сотталушының сөздерінен тұрады. Жарыссөздің екінші бөлігі алқабилердің қатысуынсыз өткізіледі.

564-бап. Алқабилер қатысатын соттағы реплика және сотталушының соңғы сөзі

Алқабилер қатысатын сотта сот отырысына қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болған соң тараптар реплика айтуға құқылы. Соңғы реплика құқығы қорғаушыға тиесілі.

Сотталушыға осы Кодекстің 365-бабына сәйкес соңғы сөз беріледі.

565-бап. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын мәселелерді қою

Төрағалық етуші екінші судьяның қатысуымен сот тергеуінің нәтижесін, тараптардың жарыссөздерін ескере отырып, алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын мәселелерді жазбаша түрде жасайды, оларды оқиды және тараптарға береді.

Тараптар мәселелердің мазмұны мен жасалуы бойынша өздерінің ескертпелерін айтуға және жаңа мәселелерді қою туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Алқабилер талқылау және мәселелерді құру уақытында сот отырысы залынан кетеді.

Төрағалық етуші тараптардың ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып, судья кеңесу бөлмесінде алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын мәселелерді түпкілікті құрайды, оларды сұрақ парағына енгізеді және оған қол қояды.

Сұрақ парағы алқабилер мен тараптар қатысып отырған кезде дауыстап оқылады.

566-бап. Алқабилері қатысатын соттың шешуіне жататын мәселелердің мазмұны

1. Сотталушы жасады деп айыпталатын әрекеттерінің әрқайсысы бойынша:

1) әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме;

2) сотталушының бұл әрекетті жасағаны дәлелденді ме;

3) сотталушы бұл әрекеттің жасалуына кінәлі ме деген үш негізгі сұрақ қойылады.

2. Сотталушының кінәлігі туралы негізгі сұрақтан кейін кінәлілік дәрежесін арттыратын немесе төмендететін не оның сипатын өзгертетін, сотталушыны жауапкершіліктен босатуға әкеп соқтыратын осындай мән-жайлар туралы жеке сұрақтар қойылады. Қажет болған жағдайда, қылмыстық ниеттің аяқталу дәрежесі, әрекеттің аяқталуына қандай себептердің болғандығы, сотталушылардың әрқайысысының қылмыс жасауға бірге қатысудағы дәрежесі мен сипаты туралы жеке сұрақтар қойылады. Егер бұл оның қорғау құқығын бұзбаса, кішігірім ауыр қылмыс жасағанда сотталушының кінәсін анықтауға мүмкіндік беретін сұрақтар қоюға жол б е р і л е д і .

Шешуге жататын мәселелер әрбір сотталушыға қатысты жеке қойылады.

567-бап. Төрелік етушінің тілек сөзі

Судьялар мен алқабилер кеңесу бөлмесіне кетер алдында төрелік етуші алқабилерге т і л е к с ө з і м е н жү г і н е д і .

Тілек сөзін айтар кезде төрелік етушіге қандай да бір нысанда алқабилер және судьялар алқасының алдына қойылған мәселелер бойынша өз пікірін айтуға тыйым с а л ы н а д ы .

Төрелік етуші тілек сөзінде:

1) айыптаудың мазмұнын келтіреді;

2) сотталушы кінәлі болып отырған, жасалған іс-әрекеттің жауапкершілігін қарастыратын, қылмыстық заңның мазмұнын хабарлайды;

3) сотталушы айыбын ашатын және оны ақтайтын, сонымен қатар бұл дәлелдемеге өзінің қатысын айтпай және одан қорытынды шығармай, сотта зерттелген дәлелдемелер туралы еске салады;

4) мемлекеттік айыптаушының және қорғаушының көзқарасын баяндайды;

5) алқабилерге дәлелдемелерді олардың жиынтығында бағалаудың ережесін; кінәсіздік презумпциясы қағидатының мәнін; жойылмаған күдіктерді соттаушының пайдасына талқылау туралы ережені; олардың ұйғарымы тек сот отырысында тікелей зерттелген дәлелдемелерге ғана негізделе алады, олар үшін ешқандай дәлелдеменің алдын ала белгілеген күші жоқ, олардың қорытындылары тек жобалауға, сондай-ақ сот

жарамайды деп тапқан дәлелдемелерге ғана сүйене алады;

6) алқабилер алқасының назарын сотталушының жауап беруден бас тартуы немесе оның сотта түк айтпауы заңды мағынаға ие болмайтынына және сотталушының кінәлілігінің дәлелі ретінде талқылана алмайтындығына аударады;

7) кеңесу, негізгі мәселелер жөніндегі бюллетендерді толтыру тәртібін, ұйғарым қабылданғаннан кейін жаза тағайындау мәселелері бойынша жалпы дауыс беру тәртібін түсіндіреді.

Тараптар сот отырысында төрелік етушінің тілек сөзінің мазмұнына байланысты сот отырысының хаттамасына енгізуге жататын олардың объективтілік қағидатын бұзу себебі бойынша қарсылық білдіруге құқылы.

568-бап. Алқабилер кеңесінің құпиясы

Жарыссөздер аяқталған соң судьялар және негізгі алқабилер үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді.

Судьялар мен алқабилерден басқа, кеңесу бөлмесінде өзге адамдардың болуына жол берілмейді. Жұмыс уақытының аяқталуы бойынша, сондай-ақ жұмыс күні ішінде төрағалық етуші кеңесу бөлмесінен сыртқа шыға отырып, демалу үшін үзіліс жасауға құқылы.

569-бап. Кеңесу бөлмесінде кеңесу мен дауыс беруді жүргізу тәртібі

Төрағалық етуші судьялар мен алқабилер кеңесіне басшылық етеді, шешілуге жататын мәселелерді талқылауға кезекпен қояды, жауап беру бойынша дауыс беруді және дауыстардың есебін жүргізеді.

Кеңесу бөлмесінде алқабилер төрағалық етушіден қойылған мәселелерге байланысты оларда туындаған түсінбеушіліктер бойынша түсініктемелер алуға құқылы.

Негізгі мәселелер бойынша дауыс беру жазбаша жүргізіледі. Судьялар мен алқабилер дауыс беру кезінде қалыс қалуға құқықтары жоқ. Судьялар мен алқабилердің дауыстары тең.

Судьялар мен алқабилер сотталушылардың саны бойынша дауыс беруге арналған "Өзімнің ар-намысым, ар-ожданым бойынша және ішкі сенімім бойынша осы түйінді..." деген сөздер жазылған, соттың бұрыштамасы қойылған таза бюллетеньді алады. Олардың әрқайсысы құпияны қамтамасыз ете отырып, бюллетенге сұрақ парағында қойылған және шешілуге жататын сұрақтардың әрқайсысына жауап жазады. Сұрақ парағында қойылған тәртіп бойынша сұрақтарға жауап "ия" дәлелді немесе "жоқ" теріс деген міндетті түрде түсіндірме сөзбен немесе жауаптың мәнін ашатын ("ия, дәлелденді", "жоқ, дәлелденген жоқ", "ия, кінәлі", "жоқ, кінәсіз") деген сөз тіркестерімен жазылады. Судьялар мен алқабилер төрағалық етуші өздерінің бюллетеньдерін дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Дауыс беру аяқталғаннан кейін төрағалық етуші алқабилердің қатысуымен жәшікті

ашады және әрбір бюллетеньдегі дауыстарды санайды, тез арада сұрақ парағында көрсетілген негізгі үш сұрақтардың әрқайсының тұсына жазады.

Алқабилер мен судьялардың жауаптары бар бюллетеньдер қылмыстық істер сақталатын конвертке салынып, желімделеді.

Егер алдыңғы сұраққа берілген жауап кейінгі сұраққа жауап беруді қажет етпесе, төрағалық етуші судья алқабилердің көпшілігінің келісімімен сол кейінгі сұрақтың тұсына "жауабы жоқ" деген сөздерді жазады.

Егер осы Кодекстің 566-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген үш сұрақтың әрқайсысына берілген нақтылы жауапқа дауыс берушілердің көпшілігі дауыс берсе, айыптау үкімі қабылданған болып саналады.

Егер қойылған сұрақтың кез келгеніне теріс жауап үшін дауыс берушілердің алты және одан да көпшілігі дауыс берген болса, ақтау үкімі қабылданған болып саналады.

Егер сотталушының кінәлігі туралы мәселе оң шешілсе, онда судьялар бұл әрекет қылмыс болып табыла ма және ол нақ қандай қылмыстық заңда көзделгені (бабы, бөлігі, тармағы) туралы мәселені шешеді, сондай-ақ осы әрекеттер үшін қандай жаза тағайындау шарасы көзделгенін алқабилерге түсіндіреді.

Алқабилердің қатысуымен сот әрекеті біліктілігі мәселесін судьялар шешкеннен кейін осы Кодекстің 371-бабы бірінші бөлігінің 5-8 және 14-тармақтарында көзделген мәселелер шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданатын мәселелерді үзіліссіз шешеді.

15 жылдан астам бас бостандығынан айыру түріндегі жаза, егер осындай шешімге дауыс берушілердің сегізі және одан да көпшілігі дауыс берсе, тағайындалуы мүмкін.

Айрықша жаза тағайындау - өлім жазасы судьялар мен алқабилері бір ауыздан шешім шығарған кезде ғана тағайындалуы мүмкін.

Судьялар мен алқабилердің жауаптары бар сұрақ парағына төрағалық етуші судья мен "1" нөмірін алқабиі қол қояды.

570-бап. Алқабилер қатысуымен соттың қабылдайтын шешімдерінің түрлері

1. Алқабилерінің қатысуымен сотта істі талқылау мына шешімдердің бірін қабылдаумен:

1) осы Кодекстің 324-бабында көзделген жағдайларда істі қысқарту туралы қаулысымен;

2) алқабилері қатысатын осы Кодекстің 566-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негізгі үш сұрақтың ең болмаса біреуіне теріс жауап берген жағдайда, ақтау үкімімен;

3) осы Кодекстің 375-бабы екінші бөлігіне сәйкес айыптау үкімімен аяқталады.

571-бап. Үкім шығару қаулысы

Үкімді осы Кодекстің 44-тарауында белгіленген тәртіппен төрағалық етуші мынадай ерекшеліктермен шығарылады:

1) үкімнің кіріспе бөлімінде екінші судьяның және алқабилерінің тегі көрсетілмейді

;

2) ақтау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігінде сот алқабилерінің қатысуымен ақтау үкімі шығарылған айыптаудың мәні жазылады және үкімге не мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына сілтеме қамтылады;

3) айыптау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігінде жасауда сотталушы кінәлі деп танылған қылмыстық әрекеттің сипаттамасы, жасаған әрекеттің саралануы, жаза тағайындау себептері және азаматтық талап арызға қатысты сот шешімінің негіздемесі қ а м т ы л у ы т и і с ;

4) үкімнің қорытынды бөлігінде апелляциялық сатыда үкімге шағымдану және наразылық білдіру тәртібіне түсінік қамтылады.

Үкімге іс бойынша төрағалық етуші қол қояды.

572-бап. Сотталушының есінің кіресілі-шығасылы екендігінің анықталуына байланысты қылмыстық істі қарауды

тоқтату

Алқабилері қатысатын соттың істі талқылау барысында сотталушы өзінің психикалық жағдайы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін емес не оны өз іс-әрекетіне есеп беруге немесе оларға басшылық ету мүмкіндігінен айырған, сот-психиатриялық сараптамасының тиісті қорытындысымен расталатын жан күйзелісі ауруына шалдығуы ықтимал деп санауға негіз болатын мән-жайлар анықталған жағдайда, төрағалық етуші судья алқабилердің қатысуымен істі қарауды тоқтату туралы қаулы шығарады және оны осы Кодекстің 12-бөлігінде көзделген тәртіппен с о т т ы ң қ а р а у ы ү ш і н жібереді.

Алқабилердің қатысуымен істі қарауды тоқтату туралы судьялар алқасының қаулысы және оны осы Кодексте көзделген жалпы тәртіппен қарау үшін жіберуі түпкілікті болып табылады және апелляциялық тәртіпте шағымдануға, наразылық келтіруге жатпайды.

573-бап. Сот отырысының хаттама жүргізу ерекшеліктері

Сот отырысының хаттамасы осы Кодекстің 328-бабының талаптарына сәйкес осы бапта көзделген ерекшеліктермен жүргізіледі.

Хаттамада сот отырысына шақырылған алқабилерге кандидаттар құрамы және алқабилер алқасын құру барысы міндетті түрде көрсетіледі.

Төрағалық етушінің тілек сөзі сот отырысының хаттамасына жазылады немесе оның мәтіні қылмыстық іс материалдарына тіркеледі, бұл туралы хаттамада көрсетіледі .

Сот отырысының хаттамасы сот іс қарауының барысын толығымен, оның өтуінің дұрыстығын куәландыратындай көрсетуі тиіс.

61-тарау. Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізудің ерекшеліктері

574-бап. Алқабилер қатысуымен сот шығарған заңды күшіне енбеген үкімдер мен қаулыларға шағым, наразылық келтіру

Алқабилер қатысқан соттың заңды күшіне енбеген үкімдері мен қаулыларына шағым, наразылық келтіру тәртібі осы тарауда белгіленген ерекшеліктермен осы Кодекстің 8-бөлігінде көзделген ережелермен айқындалады.

Алқабилері қатысқан соттың үкімдері, төрағалық етушінің істі тоқтату туралы қаулылары, сондай-ақ алдын ала тыңдау нәтижелері бойынша шығарылған осы Кодекстің 229-бабының 2 және 5-бөліктерінде көрсетілген төрағалық етушінің қаулыларына апелляциялық тәртіпте шағым және наразылық келтірілуі мүмкін. Төрағалық етуші шығарған басқа қаулыларға шағым және наразылық келтіруге жатпайды.

575-бап. Алқабилері қатысуымен сотта қаралған істерді апелляциялық сатыда іс жүргізу ерекшеліктері

1. Апелляциялық сатыда сот шешімдерін бұзу немесе өзгерту үшін мыналар:

1) істі елеулі шешу үшін маңызы болуы мүмкін жол берілетін, дәлелдемелерді талқылаудан негізсіз алып тастаудан;

2) істі елеулі шешу үшін маңызы болуы мүмкін дәлелдемелерді зерттеуде тараптардың негізсіз бас тартуы;

3) егер бұл істің шешілуі үшін әсер етсе, жол берілмейтін дәлелдемелерді сот отырысында зерттеулері;

4) осы Кодекстің 414-бабы 3-бөлігінде көрсетілген қылмыстық іс жүргізу заңының өрескел бұзылуы.

2. Апелляциялық саты сотталушыға жеңілірек қылмыс туралы қылмыстық заң қолдануға және жасаған әрекетті саралауды өзгертуге сәйкес жазаны төмендетуге құқылы. Бұл орайда, апелляциялық заң неғұрлым ауыр қылмыс немесе тағайындалған жазаны ауырлату туралы қылмыстық заң қолдануға құқығы жоқ.

3. Алқабилері қатысқан соттың ақтау үкімі дәлелдемелерді ұсынуға прокурордың, жәбірленушінің немесе оның өкілдігінің құқығын шектейтін қылмыстық іс жүргізу заңдары бұзылған жағдайлардан басқа, апелляциялық сатыда бұзылуы мүмкін емес.

62-тарау. Қадағалау сатысында сотта іс жүргізу ерекшеліктері

576-бап. Заңды күшіне енген алқабилері қатысқан соттың үкімдері мен қаулыларын қадағалау тәртібінде қайта қарау

Қадағалау сатысында заңды күшіне енген алқабилері қатысқан соттың үкімдері мен қаулылары туралы істер бойынша іс жүргізу осы Кодекстің 459-бабы бірінші және екінші бөліктерінің 1, 3, 4, 6-тармақтарында көзделген негіздер бойынша мүмкін.

577-бап. Қадағалау тәртіпте алқабилері қатысқан соттың шешімін қайта қарау кезінде сотталушының жағдайын нашарлатуға жол бермеу

Айыптау үкімді қадағалау тәртіпте, сондай-ақ неғұрлым ауыр қылмыс туралы қылмыстық заңды қолдану қажеттілігіне байланысты сот қаулысын қайта қарау, жазаның жұмсақтығына және сотталушының жағдайын нашарлатуға әкеп соқтыруға байланысты, сондай-ақ ақтау үкімін немесе қылмыстық істі қысқарту туралы сот қаулысын қайта қарауға жол берілмейді."

3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 140-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат):

мынадай мазмұндағы 25-1-тараумен толықтырылсын:

"25-1-тарау. Алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуда азаматтардың құқықтарын бұзған жергілікті атқарушы органдардың шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы өтініштер бойынша іс жүргізу

274-1-бап. Арыз беру

Жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен, әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін іріктеу рәсіміне қатысуда азаматтардың құқықтары бұзылды деп есептеген азамат осы Кодекстің 3-тарауында белгіленген соттылығы бойынша сотқа арыз беруге құқылы.

Арыз алқабилер туралы заңға сәйкес алқабилерге кандидаттардың алғашқы тізімдерімен азаматтарды таныстыру мерзімі аяқталған сәттен бастап жеті күн мерзім ішінде сотқа берілуі мүмкін.

274-2-бап. Арызды қарау

1. Осы Кодекстің 274-1-бабында белгіленген мерзімде келіп түскен арыз екі күндік мерзімде, ал осы мерзім аяқталар күні түскен арыз - дереу қаралуға тиіс.

2. Сот арызды арыз иесінің, тиісті жергілікті атқарушы органның өкілінің қатысуымен қарайды. Сотқа сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, көрсетілген адамдардың келмей қалуы істі қарау және шешу үшін кедергі болмайды.

274-3-бап. Арыз бойынша сот шешімі және оның орындалуы

1. Алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін іріктеу рәсіміне қатысуда азаматтардың құқығы бұзылуын анықтаған сот шешімі алқабилерге кандидаттардың алғашқы тізімдеріне түзетулер енгізу үшін негіз болып табылады.

2. Сот шешімі тиісті жергілікті атқарушы органға жіберіледі. Сот шешімін орындамауға кінәлі лауазымды адамдар заңда белгіленген жауапкершілікті көтереді."

4. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжат; N 18, 142-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; 2005 жылғы 21 сәуірдегі "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңы ; 2005 жылғы 11 мамырдағы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 4 мамырдағы Заңы):

мынадай мазмұндағы 514-1, 514-2, 514-3, 514-4-баптармен толықтырылсын:

"514-1-бап. Алқабилер міндеттерін орындау үшін сотқа келмеу

Азаматтың алқаби міндетін орындау үшін сотқа шақыру бойынша дәлелді
с е б е п т е р с і з к е л м е у і , -

азаматтарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

514-2-бап. Алқабилердің тізімдерін жасау үшін ақпараттарды ұсынбау

Алқабилердің тізімдерін жасау үшін жергілікті атқарушы органдарға қажетті ақпараттарды ұсынбау, сондай-ақ жалған ақпараттар ұсыну, -

азаматтарға ескерту жасауға немесе он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде , лауазымды адамдарға оннан он бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

514-3-бап. Азаматқа алқаби міндеттерін орындауға кедергі келтіру

Лауазымды адамның азаматқа алқаби міндеттерін орындауға кедергі келтіруі, - лауазымды адамға ескерту жасауға немесе оннан он бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

514-3-бап. Сот талқылауында істі қарауға байланысты алқабилердің әрекеттеріндегі шектеулерді сақтамау

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген сот талқылауында істі қарауға байланысты алқабилердің әрекеттеріндегі шектеулерді сақтамау, - азаматқа жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп
с о ғ а д ы .

2. Алқабиді істі одан әрі қарауға қатысудан босатуға әкеп соқтырған нақ сол

і с - ә р е к е т т е р ,

-

азаматқа екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп
с о ғ а д ы . " ;

636-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) облыстардың (астана, республикалық маңызы бар қалалар) әкімдері уәкілеттік
берген лауазымды адамдар (514-2-бап).".

2-бап. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті